

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ



30
EURASIAN NATIONAL
UNIVERSITY



БГПУ
им. М. Акмуллы



РУДН

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУДАҒЫ ЗАМАНАУИ
ТӘСІЛДЕМЕ: ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ПРАКТИКА»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ФОРУМ

МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ФОРУМ

«СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ В ПОДГОТОВКЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ
КАДРОВ: НАУКА И ПРАКТИКА»

INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL FORUM
«MODERN APPROACHES TO TEACHER TRAINING: SCIENCE AND
PRACTICE»

МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана

26 ақпан 2026 жыл



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ**

**«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУДАҒЫ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕМЕ:
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ПРАКТИКА»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ФОРУМ
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ
26 ақпан, 2026 жыл**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ МЕЖДУНАРОДНОГО
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОГО ФОРУМА
«СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ В ПОДГОТОВКЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ КАДРОВ:
НАУКА И ПРАКТИКА»
26 февраля, 2026 года**

**PROCEEDINGS OF THE INTERNATIONAL SCIENTIFIC-PRACTICAL FORUM
INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL FORUM
«MODERN APPROACHES TO TEACHER TRAINING: SCIENCE AND PRACTICE»
february 26, 2026**

Астана, 26 ақпан 2026 ж.

УДК 37.0
ББК 74.00
П23

Жалпы редакциясын басқарған: Сомжүрек Б.Ж.

Редакция алқасы: Асылбекова М.П., Атемова К.Т., Байсарина С.С., Сламбекова Т.С.,
Махадиева А.К.

П23 Педагогикалық кадрларды даярлаудағы заманауи тәсілдеме: ғылым және практика: халықаралық ғылыми-тәжірибелік форум материалдары. 26 ақпан 2026 ж./ – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2026. – 1668 бет.

ISBN 978-601-385-193-8

Халықаралық ғылыми-практикалық форум материалдарының жинағында педагог кадрларды даярлаудың заманауи ғылыми-әдіснамалық негіздерін талдау, педагогикалық білім беру саласындағы инновациялық тәсілдер мен тиімді практикаларды айқындау, халықаралық ғылыми тәжірибе алмасуды дамытуға арналған өзекті ғылыми-тәжірибелік зерттеулердің нәтижелері енгізілген. Материалдарда педагогикалық білім мен ғылымның жаһандық трендтері, педагогикалық білім берудегі жасанды интеллект және цифрлық технологиялар, педагог кадрларды инклюзивті білім беруге дайындаудың халықаралық тәжірибесі және инновациялық әдістері туралы мәселелері қарастырылған. Жинақ білім саласындағы мамандарға, ғалымдарға, оқытушылар мен білім алушыларға арналған.

В сборник материалов международного научно-практического форума включены результаты актуальных научно-практических исследований, направленных на анализ современных научно-методологических основ подготовки педагогических кадров, выявление инновационных подходов и эффективных практик в сфере педагогического образования, а также развитие международного научного обмена опытом. В материалах рассматриваются вопросы глобальных тенденций в педагогическом образовании и науке, использования искусственного интеллекта и цифровых технологий в педагогическом образовании, международного опыта и инновационных методов подготовки педагогических кадров к инклюзивному образованию. Сборник предназначен для специалистов в области образования, ученых, преподавателей и обучающихся.

The proceedings of the International Scientific and Practical Forum include the results of relevant scientific and practical research aimed at analyzing the modern scientific and methodological foundations of teacher training, identifying innovative approaches and effective practices in the field of teacher education, as well as promoting international scientific exchange of experience. The materials address issues related to global trends in pedagogical education and science, the use of artificial intelligence and digital technologies in teacher education, as well as international experience and innovative methods of preparing teaching staff for inclusive education. The collection is intended for education professionals, researchers, teachers, and students.

УДК 37.0
ББК 74.00

ISBN 978-601-385-193-8

© Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2026

Бұл жинаққа енгізілген материалдарға авторлар жауапты.
Authors are responsible for the content of their materials.

269	Нагайцев Т.О. Психолого-педагогические стратегии подготовки педагогических кадров к предупреждению суицидального поведения несовершеннолетних: междисциплинарная модель школьной превенции	1128
270	Оразбаева Д.С. Ағылшын тілі сабағында инклюзивті білім берудің ерекшеліктері	1133
271	Сыдыкова Г.Д., Токсанбаева Г.Б. Танымдық ойындардың аутизм спектрі бұзылысы бар балалардың сөйлеу тілін дамытудағы рөлі	1136
272	Тайғарина А.Э. Психикалық дамуында тежелуі бар бастауыш сынып оқушыларын білім беру ортасына бейімдеудегі әлеуметтік педагогтың рөлі	1139
273	Турсунбаева А.У. Инклюзивті білім беру жағдайында педагог кадрларды кәсіби даярлаудың инновациялық тәсілдері: халықаралық көзқарас	1142
274	Сейткамалова А.К. Тәрбиеленушілер арасындағы агрессияның алдын-алу тәсілдері	1146
275	Толеуханова А.Д. Инклюзивті мәдениет зерттеулеріндегі әдіснамалық тұғырлар	1149
276	Турекулова Н.А. Бастауыш білім беру арқылы нашар еститін оқушылардың экологиялық сауаттылығын арттыру	1153
277	Болат Б.Қ. Жасөспірімдердің салауатты өмір салтын дене тәрбиесі арқылы қалыптастырудың маңызы	1155
278	Бейсенбаева Ж.Н. Жасөспірімдердің кәсіби өзін-өзі анықтауын психологиялық-педагогикалық қолдаудың ерекшеліктері	1159
279	Мендигереева Д.А. Студенттердің өмірлік құндылықтары мен денсаулыққа көзқарасының психологиялық аспектілері	1162
280	Шарапатова Р.Ж. Девиантты мінез-құлықты жасөспірімдер типологиясын талдау	1167
281	Жақыпбекова З.Ж. Мектеп жасындағы жасөспірімдердің өзін-өзі реттеу мәселелері	1171
<p>4-секция: Заманауи педагогтің кәсіби дамуындағы құндылықтық тәсілдеме 4-секция: Ценностный подход к профессиональному развитию современного педагога 4-section: Value-based approach to the professional development of the modern teacher</p>		
282	Абдукаримов Н.А. Педагогические принципы совершенствования уроков физического воспитания для учащихся начальных классов	1176
283	Куттибекова Г.Т. Организация процесса начального образования на основе передовых современных педагогических технологий	1179
284	Абилова Г.О. Заманауи педагогтың кәсіби дамуында педагогикалық вебинарлардың рөлі	1182
285	Ибадуллаева С.Ж., Кожаберженова А.Т. Биология пәні негізінде жоғары сынып оқушыларына экологиялық білімді қалыптастырудың маңыздылығы	1187

286	Есенова Н.Е. Оқыту процесіндегі рефлексияның мұғалімнің кәсіби мәдениетін қалыптастырудағы маңызы	1191
287	Жакыпбекова А.Т., Зулпукарова Д.И., Сманова Н.Т. Ценности профессиональной деятельности будущих молодых учителей	1195
288	Игибаева А.К., Ақитбаева Н.К Некоторые аспекты подготовки будущего педагога в условиях вызовов современного социума	1199
289	Асылбекова М.П., Таңатарқызы Г. Болашақ педагог-психологтердің метақұзіреттілігін дамытудың теориялық негіздері	1204
290	Койшыманова А.М., Атемова К.Т. Цифрлық трансформация жағдайында педагог-психологтарды оқушылардың мобильдік тәуелділігін алдын алуға даярлау	1208
291	Шакаримова К.К., Сламбекова Т.С., Хасан А Цифрландыру дәуіріндегі болашақ педагог-психологтың кәсіби имиджі: ғылыми-теориялық аспектілері	1212
292	Toleubekova R.K., Talpakova M.Z. Formation of corporate competencies of teachers based on a value approach to professional development	1219
293	Сламбекова Т.С., Байсарина Ж.С. Болашақ педагогтерді оқушылардың бос уақытын ұйымдастыруға дайындау	1224
296	Нұрқасымова С.Н., Толекенова Л.А., Нұрланқызы Г. Сараланған тапсырмалар арқылы білім алушылардың физикалық есептерді шешу біліктерін қалыптастыру	1229
297	Айкинбаева Г.Қ., Таукибаева Ш.Ж., Жылқыбаев К.Д., Шериязданов Б.Р. Жеке тұлғаның дамуына ұлттық құндылықтар мен дәстүрдің әсері	1235
298	Ботабаева А. Е., Қажатбек С. Оқушылардың әлеуметтік-құқықтық жауапкершілігін дамытудың маңыздылығы	1240
299	Истомина Н.С. Интеграция ценностей программы «Адал азамат» в профессиональную деятельность педагога	1243
300	Шангереева С.А., Албытова Н.П. Аксиологические основы профессионального развития будущих педагогов в высшем образовании	1247
301	Торebaева Г.Р., Бельгибаева Г.К., Yucel Gelislli Педагогикалық колледждің білім беру жүйесінде геймификация технологиясын қолдану арқылы студенттердің кәсіби құзыреттілігін дамыту	1254
302	Албытова Н.П. Білім беру ортасының белгісіздігі жағдайында оқытушының кәсіби бірегейлігін құндылық-мағыналық реттеу	1260
303	Шолпанқұлова Г.К., Ақын А.К. Болашақ педагог-психологтердің гендерлік мәдениетін дамытудың педагогикалық шарттары	1264
304	Ахунова У.О. Музыка как инструмент формирования эмоциональной и социальной компетентности учащихся	1269

305	Нұралы С., Фейзулдаева С.А. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік тілдік құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі	1272
306	Темірхан А.Е., Мухметова Р.Ж. Оқушылардың оқу мотивациясын арттырудағы smart мақсаттардың рөлі	1276
307	Кишибаева Д.Ж., Оңғарбаева Ж. Педагогтың білім беру мазмұнын жаңарту жағдайындағы кәсіби дамуы	1279
308	Polatova A.N., Mamurbekova Z.U. Future perspectives of scientific research in the field of higher education	1284
309	Абдалинова А.Б. Воспитание патриотизма учащихся через внеурочную деятельность: педагогико-психологические основы и практические подходы	1288
310	Темирханова К.Ш. Когнитивтік әдістер – болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің ғылыми-коммуникациялық дағдыларын дамытудың құралы	1292
311	Байменова Б.С., Медей М. Бастауыш сынып оқушыларының өзін-өзі реттеу дағдысын дамыту	1294
312	Кадырова Ж.Д. Жоғары сынып оқушыларының тұлғалық дамуындағы құндылыққа негізделген кәсіби бағдардың рөлі	1298
313	Ибрайханова А.Е. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың оқырмандық сауаттылығын қалыптастыруда отбасымен жұмыс істеуге даярлаудың әдістемелік жүйесі	1303
314	Нұрланқызы Д. Жеткіншек жастағы оқушылардың қазіргі білім беру жүйесіндегі оқу мотивациясының ерекшеліктері	1306
315	Кәрімова А.Е. Ғылымаралық коммуникация жағдайындағы жоғары мектеп педагогикасы: қазіргі жай-күйі мен даму перспективалары	1311
316	Загородская В.С., Мичирова Р.Р. Ценностный подход в педагогическом сопровождении классных руководителей как условие профилактики конфликтов среди обучающихся	1319
317	Темиргалиева А.Б. Аксиологический вектор цифровизации начального образования: развитие профессиональной компетентности педагога-эксперта	1323
318	Байзакова З.Е. Мектеп жасына дейінгі балаларда еңбек әрекеті арқылы «Адал азамат» құндылықтарын қалыптастыру	1326
319	Серік М. Мектеп жасына дейінгі балалардағы буллингке әсер ететін әлеуметтік-мәдени факторлар	1330
320	Lyu Y. A value-based approach to the professional development of the modern physical education teacher	1334
321	Abiltayeva A. An axiological approach to the development of environmental competencies of students of pedagogical fields	1339
322	Төреханова Е.С. Мұғалімнің эмоционалдық интеллекті және көшбасшылық қабілеті	1342

323	Абдуллаева Г.С., Баймұрза А.А. Музыка сабақтарында жасанды интеллектті қолдана отырып, оқушылардың эстетикалық және эмоционалдық құндылықтарын арттыру	1346
324	Айдархан М.А., Халикова Н.С. Жыраулар поэзиясын оқытуда герменевтикалық талдауға үйретудің тиімді жолдары	1349
325	Айдарханова Н.Т. Үздіксіз білім беру жағдайындағы педагог тұлғасының кәсіби дамуының өзектілігі	1353
326	Мағзумова З.Н. Жаһандық педагогикалық трендтер контекстінде болашақ мектеп директорларының көшбасшылық дағдыларын дамыту	1357
327	Муханбеткалиева М.Т. Цифрлық білім беру ортасында жасөспірімдердің құндылық бағдарын дамыту: жасанды интеллект мүмкіндіктері	1363
328	Есимова А.Б. Балалар арасында буллингтің алдын алу жолдары	1368
329	Рүстембекова А.Ғ. Әдебиеттік оқу үдерісінде бастауыш сынып оқушыларының гуманистік қарым-қатынас мәдениетін дамыту	1372
330	Тажединова А.Д. Болашақ педагогтердің кәсіби лидерлік дағдыларын дамытудың педагогикалық алғышарттары	1377
331	Әскербек А.Қ., Мурзина С.А. Функционалдық сауаттылықты дамытудағы мұғалімнің кәсіби рөлі мен педагогикалық құзыреттілігі	1381
332	Бекзат А.Б., Ералин Қ.Е., Саймбетова Ж.Т. Кәсіби дизайнерлердің мәдени құзыреттілігін қалыптастырудағы этнодизайн қағидаттарының рөлі	1385
333	Шалабаева Ж.С., Ережепова Б.Т., Серикханқызы А., Сұлтанқызы Р.А., Қайратқызы Д. Бастауыш сынып оқушыларына математика сабағында топтық жұмыс арқылы ынтымақтастығын қалыптастыру ерекшеліктері	1389
334	Гафиятуллина Н.Б. Формирование готовности будущих учителей начальных классов к профилактической работе с младшими школьниками	1393
335	Куандыкова Э.К., Глеубергенова К.А. Карменова Н.Н., Зиявдинова А. К. Сравнительный анализ отечественного и российского опыта практической направленности школьной географии	1397
336	Данабекова Д.А., Ақитбаева Н.К. Психолого-педагогические подходы к интеграции обучения в системе школьного образования РК	1402
337	Дауенова М., Ақитбаева Н.К. Қазіргі жағдайда жасөспірім тұлғасының дамуына элеуметтік-мәдени ортаның әсері	1407
338	Сералы Ә.Е., Ильясова Г.У. Химия пәнін оқытуда білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыру	1411
339	Сағындықова А.Т., Есмаханова Г.А.	

	Мектеп жасына дейінгі балалардың эмоциялық тұрақтылығын қалыптастыруда ертегі терапиясының маңызы	1416
340	Уайсова К.Т. Болашақ бастауыш білім педагогтерін театрландыру әдістері негізінде оқушыларды оқытуға даярлаудың педагогикалық шарттары	1420
341	Медеубаева К.Т., Сейтенова С.С. Инновациялық білім беру жағдайында студенттердің күзiреттiлiгi мен оқу мотивациясын дамытуға геймификацияның ықпалы	1425
342	Мурсалиева А.К. Бастауыш мектеп оқушыларының оқу мотивациясын ынталандыру және басқару	1429
343	Алимулова А.С. Дене тәрбиесінде волейболдың маңызы	1434
344	Zhamalbek A. Ethical and legal boundaries of pedagogical discourse: mechanisms for preventing aggressive speech acts as the foundation of a teacher's professional culture	1438
345	Есеналиева Н. Химия сабақтарында цифрлық технологияларды қолданудың тиімділігі	1441
346	Жұмабек Ұ.Ә., Убайдулла Ж.С. Мұғалімнің кәсіби шеберлігін дамыту	1446
347	Таурбекова А.С. Болашақ мұғалімдерді бастауыш сынып оқушыларының оқу сауаттылығын дамытуға бағытталған педагогикалық технологияларды тиімді қолдануға даярлау	1450
348	Атышева Б.Б., Zhalel A. Болашақ биология мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық құзыреттілігін экологиялық ойлаумен ұштастыра дамыту жолдары	1455
349	Ахмаджанова Д.С. Бала тәрбиесінде ұлттық құндылықтарды қолданудың маңызы	1459
350	Кожгельдиева С.С., Қожабаева А.А. Бастауыш сынып оқушыларының сыни ойлау ерекшеліктері	1465
351	Сейтова Ж.Ә. Болашақ әлеуметтік педагогтардың өзін-өзі реттеу негізінде әлеуметтік интеллектісін қалыптастыру	1472
352	Абдрасилова Г.Л., Атемова К.Т. Оқушылар прокрастинациясының алдын-алу: педагог-психолог даярлығындағы құндылықтық басымдық ретінде	1479
353	Асантаева Ұ.С. Балалардың музыкалық білімін бағалаудың тиімділігі	1484
354	Булатбаева А.Ә., Иманбекова Б.І., Болатов А.М Білім беру ұйымдарында суицидтің алдын алуды ұйымдастырудағы жүйелі тұғыр	1488
355	Әшірбай А.С. Заманауи педагогтің кәсіби дамуындағы құндылықтық тәсілдеме: жүсіп баласағұн идеялары негізінде	1493
356	Жаныбекова Л.Т., Жаныбекова Р.Т., Қайырбосынқызы Ә. Влияние изучения иностранного языка на формирование профессиональных компетенций будущего специалиста	1497
357	Боранбаева Г.Н.	

	Диалог поколений: трансформация ценностных ориентаций молодых учителей и опытных наставников	1501
358	Искакова Д.А. Жеткіншектер арасындағы буллингті алдын алудағы әлеуметтік педагогтың рөлі	1506
359	Касымбекова А. Ж., Ильясова Г.У. Химияны оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері	1510
360	Дарбаева Г.Қ. Болашақ педагог-психологтардың кәсіби дамуындағы психологиялық саулықтың құндылықтық маңызы	1515
361	Утеубаева Н.А. Формирование языковой личности современного студента в многоязычной образовательной среде: ценностный и социолингвистический аспекты	1520
362	Узакбаева А.Т., Текеев И., Рахимжанова Л.Б. Методические принципы и педагогические условия адаптивного обучения на основе интерактивного веб-приложения	1524
363	Мускина А.Н. Жас педагогтің кәсіби дамуының құндылықтық бағдарлары	1529
364	Азимов К.Э. Педагогические возможности предмета «начальная допризывная подготовка» в формировании у учащихся чувства патриотизма в условиях образования, основанного на ценностях	1534
365	Мұратқызы А. Болашақ педагогтердің кәсіби дамуында құндылық бағдарларын қалыптастыру	1539
366	Байназарова А.Б. Бала тұлғасының әлеуметтік бейімделуі отбасы тәрбиесі жағдайында	1544
367	Абенев Н.Н., Махамбетова Ж.Т. Жасөспірімдердің эмоционалдық әл-ауқатын қалыптастырудағы сынып жетекшісінің рөлі	1549
368	Аметхан Ж. Зар заман поэзиясын оқытудың тиімді әдістері	1554
369	Сайманова П.С. Оқушылардың психологиялық резиленттілігін дамытуға болашақ педагог-психологтерді даярлаудың теориялық негіздері	1559
370	Кулымбаева А.К., Нуркасинова Л.М. Білім берудегі лидерліктің құндылығы және оның қалыптасу механизмдері	1564
371	Қонысбаев Қ.Б., Жандилдина Р.Е. Дене тәрбиесінде баланың жеке тұлға қабілетін дамытуда оқытудың жаңа технологияларын енгізудің тиімді жақтары	1568
372	Курбанов А.С., Ағабек Т.С. Қазақ тілі сабақтарында әдеби мәтін мен лингвистикалық талдауды кіріктіре оқытудың тиімділігі	1572
373	Курманова С.Б., Абдрахманова Р.Р., Литовченко А.Р. Культура клипового мышления: деградация или новая форма разума?	1575
374	Курманова С.Б., Нұрғожа А.Б., Еркінқызы М Критическое мышление как условие модернизации общественного сознания в Республике Казахстан	1580

375	Сулейменова А.М. Мектепке дейінгі ұйым әдіскерінің цифрлық трансформация жағдайындағы кәсіби рөлі	1584
376	Чакенова Б.А. Халықаралық тәжірибе контекстінде қазақ дәрігерлерінің ағартушылық бастамалары	1587
377	Кабылбекова Л.Б., Байдалиев Д.Д. Мектеп географиясында табиғи қауіптерді оқыту арқылы білім алушыларды адамгершілікке тәрбиелеу	1592
378	Адаменко А.В. Диагностика уровня сформированности экологической культуры студентов	1597
379	Джанабаяев К.Т., Жанабай А.А., Тұрысбек Ж.Ө. Әскери-патриоттық клуб жұмысын жоспарлау және ұйымдастыру ерекшеліктері	1600
380	Жолдасбаева Т.Ә. Қазіргі білім беру жағдайында ер балалардың азаматтық жауапкершілігін қалыптастырудың әлеуметтік-педагогикалық аспектілері	1604
381	Хачетлов К.А., Хачетлова С.М. Современные тренды в патриотическом воспитании через технологии ИИ	1607
382	Қабен Н.Ғ., Бәйдірова С.С., Ақылбекова Э.А. Бастауыш сынып оқушыларына этномәдени негіздегі патриоттық тәрбие беру	1610
383	Джабиева М.Х., Ермаков Д.С., Амантай Ж.А. Персонализированное образование: проблемы и решения (На примере учебного модуля «педагог: профессия и личность»)	1613
384	Менлибекова Г.Ж., Ниязова Г.Б. Качество образования как целевые ориентиры образовательной программы	1616
385	Асылбекова М.П., Таукелова А.Е. Цифрлық орта жағдайында студенттердің мәдени құндылықтарын дамытудың маңыздылығы	1622
386	Жумабекова Ф.Н. Цифрлық дәуірдегі заманауи педагог мамандарды даярлаудағы құндылықтарға бағдарланған тәсілдеме	1626
387	Махадиева А.К. Формирование позитивного самоотношения будущих социальных педагогов средствами активных методов обучения	1630
388	Бурдесбекова У.И. Менталды денсаулықтың көп аспектілігі мен зерттелу жолдары	1633
389	Сарипбекова А.Т. Теоретические подходы к изучению партисипативной готовности будущих педагогов	1637
390	Жандосқызы А., Кошанова М.Т. Білім беру жүйесіндегі көшбасшылық пен толеранттылық: болашақ педагог-психологтердің кәсіби даярлығындағы интеграция	1640

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТЕРДІ ОҚУШЫЛАРДЫҢ БОС УАҚЫТЫН ҰЙЫМДАСТЫРУҒА ДАЙЫНДАУ

Сламбекова Толкын Сламкуловна

Педагогика кафедрасының профессоры, Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ, Астана, Қазақстан

tolkyn_1969@mail.ru

Байсарина Жазира Сламкуловна

PhD, ассистент профессор, Astana IT University, Қазақстан

zh.baisarina@astanait.edu.kz

Аннотация. Мақалада бүгінгі әлемдік жаһандану, жаппай цифрландыру жағдайында бос уақыттың мүмкіндіктері мен оны тиімді ұйымдастыру мен білім беру ұйымы педагогтерінің еңбек функциясының бірі ретінде болашақ педагогтерді оқушылардың бос уақытын ұйымдастыруға дайындау қажеттілігі қарастырылған. Болашақ педагогтерді оқушылардың бос уақытын ұйымдастыруға дайындау шарттары ұсынылған.

Annotation. The article discusses the possibilities of free time in the context of today's global globalization, mass digitalization and the need for its effective organization and preparation of future teachers for the organization of students' leisure as one of the labor functions of teachers of educational organizations. The conditions for preparing future teachers for organizing students' leisure are presented.

Түйін сөздер: бос уақыт, бос уақытты ұйымдастыру, бос уақыттың мүмкіндіктері, болашақ педагогті жеткіншектердің бос уақытын ұйымдастыруға дайындау, болашақ педагогті жеткіншектердің бос уақытын ұйымдастыруға дайындау шарттары.

Keywords: free time, Organization of leisure activities, opportunities for leisure activities, preparation of the future teacher for the organization of leisure activities of adolescents, conditions for preparing the future teacher for the organization of leisure activities of adolescents.

Бүгінгі жаһандану, жаппай цифрландыру, түрлі тенденциялар мен трендер жайлаған, тіпті «өмір сүруіміз жеңілдеген» уақытта бір жағынан адам баласы оның тиімділігін байқаса, екінші жағынан жан-жағынан психологиялық қысымға түсіп, шырмауықтың ішінен шыға алмай, тіпті дағдарыста жүргендер де бар. Олай болса, ғылым мен техниканың қарқынды дамуының өсіп келе жатқан ұрпақ санасына оң әсерімен қоса, теріс те әсері байқалуда. Бір ғана мысал, цифрлық құралдардың (Интернет, әлеуметтік желілер, Instagram, You Tube, жасанды интеллект және т.б.) қолданысқа енуіне байланысты адамдардың бір-бірінен алыстауы, оқшаулануы, өзара қарым-қатынас орната алмауы, қауіпті сезінбеу, цифрлық этикетті, цифрлық гигиенаны сақтамау, лудоманияның, буллингке, кибербуллингке, остракизмге және т.б. девиантты мінез-құлыққа ерік беру, балалар мен жасөспірімдердің бос уақыттарын өз бетінше ұйымдастыра алмау, оны ұтымды пайдалана алмау және т.б. Болжамымыз бойынша аталған мәселелерді шешудің, тіпті алдын алудың бір жолы - балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын ұйымдастыру мен бос уақытты ұйымдастыруға болашақ педагогтерді мақсатты түрде дайындау.

XX ғасырдың 90-шы жылдарындағы әлеуметтік-экономикалық дағдарыс мемлекеттік құрылымдар тарапынан халықтың бос уақытын ұйымдастыруға назардың әлсіреуіне әкелді. Бұл әсіресе өскелең жас ұрпақтың тәрбиесіне тікелей әсер етті. Бос уақыт ұзақ уақыт әлеуметтік бақылау аймағынан тыс қалды және деструктивті сипатқа ие болды.

Бүгінде ғылым, білім, техника салаларындағы прогресс, «Адам-Адам» арасындағы қатынас заманауи ұрпақтың бос уақыттарын ұйымдастыруларына аса назар аударуды қажет етуде. Балалар мен жасөспірімдерді дамытушы демалыс пен бос уақытты өткізу құқығы Бала құқықтары туралы Конвенция, Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңы және т.б. үкіметтік бағдарламалар мен ережелерде айқын атап өтілген. Алайда, ең бастысы - бұл құқықтардың болуы емес, оларды жүзеге асырудың мүмкіндігі.

«Бос уақыт» ұғымын алғашқы рет XVI ғасыр ойшылдары қоғамдық және адамның жеке өмірінің маңызды жағы ретінде қарастырған. Бос уақыт латынның «еркіндік, еркін болу» сөзінен шыққан.

Бос уақыт мәселесі әлеуметтану, философия, психология, педагогика және т.б. бірнеше ғылым салаларының зерттеу нысанына айналған. Бірінші кезекте «бос уақыт» – әлеуметтану ғылымының категориясы ретінде қолданылады. Ғылыми кеңістікте «бос уақыт», «демалыс уақыты» ұғымдары синоним ретінде де қолданыста.

Бос уақытты ұйымдастыру мәселесін алғашқы зерттеуші ретінде Ресейлік ғалым Е.Б.Мамбековты атай аламыз. Ол «Францияда бос уақытты ұйымдастыру: анимациялық модель» (1992 ж.) тақырыбында алғашқылардың бірі болып диссертация қорғаған. Автор зерттеуінде Францияда бос уақыттың ұйымдастырылу жүйесін талдаған [1].

Педагогикалық зерттеулерде «бос уақыт» түсінігін нақтылауға және теориялық негіздеуде М.Г.Бушканец, А.Ф.Воловик, В.А.Воловик, И.А.Новикова, Э.В.Соколов, В.Я.Суртаев, Б.А.Титов, С.А.Шмаков еңбектерін атауға болады. Бос уақытты және бос уақытты талдауға В.А.Артемова, В.И.Болгова, Л.А.Гордон, Б.А.Грушина, В.Н.Пименова, С.Г.Струмилина, Б.А.Трегубова және т.б. ғалымдар зерттеулерін арнаған. Зерттеушілер бос уақытты өзінің дербес көзқарасына қарай өз қызығушылығы мен қажеттілігін қанағаттандыратын әр түрлі іспен айналысу мүмкіндігі ретінде қарастырған. Нәтижесінде *бос уақыт* – өзін-өзі көрсету, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жетілдіру факторы, адамның мәдениетке ену құралы, белсенді демалыс және тұлғаның дене, адами-рухани қасиеттерін дамытушы құрал ретінде қарастырылған [2;3].

Э.В.Соколов бос уақытты әрекетті еркін таңдау мүмкіндігі туатын, демалыс физикалық (дене) және ақыл-ой белсенділігіне айналатын ерекше уақыт деп сипаттай келе, «егер адам қажетінше дем алмаса тез арада күшінен айырылады және кез-келген іс-әрекетті атқаруға қабілетсіз болады» - деп бос уақыттың мәнін ашқан [2, 73].

С.А.Шмаков пайымдауынша, бос уақыт – мектеп оқушыларына әр түрлі іс-әрекетпен айналысуға мүмкіндік беретін, қабілеті ашылатын, әлеуметтік рөлдермен айналыса алатын уақыты [3,49].

Отандық ғалымдар Е.Омар, А.Жолдасбеков, В.Загайнова, Л.Керимов, Р.Омарова, Г.Саудабаева және мектептен тыс жұмыс әдіскерлері Г.Қажығалиева, С.Абдешованың және т.б. еңбектері бос уақытты ұйымдастыру мәселелеріне бағытталған [4,97].

Бос уақыттың мәнін психологиялық тұрғыдан С.Л. Рубинштейн, В. М. Вундт, Е. А. Петрова және т.б. ғалымдар қарастырған. С. Л. Рубинштейн бойынша «бос уақыт - демалу, ойын-сауық, таным және шығармашылық қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталған іс-әрекеттің бірі» [5, 71], В. М. Вундт бойынша «бос уақыт – материалдық қажеттілікке байланысты емес, өз қалауы бойынша рахаттану, ойын-сауық құру, өзін-өзі жетілдіру немесе басқа мақсаттарға жетудегі әрекет [6, 85].

Е. А. Петрованың пікірінше, бос уақыт - адамдарға ұнайтын болған соң айналысатын әрекет. Сонымен қатар, психолог демалыстың негізгі мақсаты – рекреация екенін жоққа шығармайды [7, 135]. Рекреация (лат. Recreatio-қалпына келтіру) – дені сау, бірақ шаршаған адамның қалыпты әл-ауқаты мен жұмысқа қабілеттілігін қалпына келтіру мақсатында жүзеге асырылатын сауықтыру іс-шараларының кешені. Демек, психологиялық тұрғыдан бос уақыт - әр адамға демалуға және өз күштерін қалпына келтіруге мүмкіндік беретін әрекет.

Г.М. Андреева бойынша «бос уақыт – ең алдымен адамдар мен әлеуметтік топтардың бос уақыттағы мінез-құлқы, мәдениет мекемелерінің жұмыс істеуі, сондай-ақ демалу, ойын-сауық, қарым-қатынас және жеке тұлғаны дамыту қажеттіліктерін қанағаттандыру тәсілдері» [8, 105].

Бос уақытты ұйымдастыруға байланысты К.Д.Ушинский: «Егер адам бос уақытында немен айналысуды білмесе, онда оның басы да, жүрегі де, адамгершілігі де бұзылады» десе, отандық психолог ғалым М.Мұқанов: «Бала мезгілді жоспарсыз өткізуге әдеттенсе, онда оны неше түрлі қолайсыз нәтижелерге, айталық, жалқаулыққа апарып, кейін сабақ үлгермеуге немесе көшеде уақытын өткізіп, тәртіп бұзуға әкелуі ықтимал». Міне, сондықтан да ересек адам болсын, жас жеткіншек болсын өзінің бос уақытын тиімді өткізуге талпыну қажет» - деп әрбір тұлға көкейінде сақтауға тиіс құнды ойларын білдірген. Сонымен, ғалымдардың пікірінше бос уақыттың мүмкіндіктері:

- Оқушы өмірінің психологиялық тұрақтылығын қамтамасыз ететін интеллектуалдық және эмоционалдық, рухани-физикалық, шығармашылық ресурстарды оңтайлы іске асыруға мүмкіндік;
- Оқушының қабілетін, іскерлігі мен дағдысын және тұлғалық қасиеттерін дамыту;
- Тұлғаның өзін-өзі анықтау, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі ұйымдастыру, өзін-өзі жүзеге асыру, өзін-өзі бағалау дағдысын қалыптастыру;
- Тұлғаның өмірлік перспективасын анықтауға мүмкіндік;
- Оқушының өз-өзіне деген сенімділігін нығайтады, өмірге оптимистік көзқарасты ынталандырады, қоршаған әлеуметтік ортамен және табиғатпен табысты өзара әрекеттесуіне ықпал ету;
- Мінез-құлық пен қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру;
- Рекреациялық қызмет.

Бүгінде елімізде бос уақыттың орнын анықтау, мәнін түсіну бойынша біршама жұмыстар жасалуда. Осы орайда «Қазақстанда отбасымен бірге демалу ерекшеліктері» тақырыбындағы әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері бойынша талдау баяндамасы (2024 ж.) жасалған. Талдау баяндамасын зерттеудің эмпирикалық негізін қазақстандықтармен жүргізілген терең сұхбат деректері, сондай-ақ сарапшылық сұхбат нәтижелері құраған. Зерттеу барысында отбасылық демалыстың ерекшеліктері, түрлері, бос уақыттағы іс-әрекетті таңдауға әсер ететін факторлар, қалалар мен ауылдық жерлерде инфрақұрылымның қолжетімділігі мен сапасы анықталған. Зерттеу отбасында бірге бос уақыт өткізуді қамтамасыз ету саласындағы мәселелерді талдауға және оларды шешу бойынша практикалық ұсыныстарды әзірлеуге бағытталған [9].

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы тарапынан «Жобалық тәсіл арқылы білім алушылардың мәдени-демалыс қызметін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар» (2024 ж.) дайындалған [10].

Сонымен, біздің пайымдауымыз бойынша бос уақыт (демалыс уақыты) – тұлғаның бейімділігіне, қызығушылығына және мәдениетінің деңгейіне қарай әрекетін таңдай алатын, өзін мәжбүрлемей белгілі бір әрекетпен айналысатын, тұлғаның өзін-өзі анықтауына, өзін-өзі дамытуына мүмкіндік беретін, шығармашылық, адами белсенділік ресурстарын дамытуға арналған уақыт. Ол қоғамнан абсолютті тәуелсіз аймақ емес, әлеуметтік болмыс пен өзара қарым-қатынас уақыты, бос уақыт пен бос уақыттағы іс-әрекеттің бірлігі. Бос уақыттағы іс-әрекет – тұлға мен қоршаған әлемді тану қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталған адамның саналы түрдегі белсенді іс-әрекеті. Шындығында, бір жағынан адамның демалуы мен көңіл көтеруіне қажет уақыт, екінші жағынан мәдени-құнды мазмұнға толы уақыт.

Бос уақыттың жеткіншек өмірінде мүмкіндіктері жан-жақты болғандықтан оны ұйымдастыру міндеті педагогтердің негізгі кәсіби қызметтерінің біріне айналуы орынды. Осы орайда, болашақ педагогтерді оқушылардың бос уақытын ұйымдастыруға дайындау қажеттілігі Қазақстан Республикасының Білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіптік стандартында көрініс тапқан, құжатқа сәйкес болашақ педагог білім алушылардың өзекті әлеуметтік-мәдени тәжірибесін, олардың бос уақытын және шығармашылық іс-шараларын игеруіне бағытталған жұмыстарды ұйымдастыруда құзыреттілікке ие болу керек [11]. Ол дегеніміз болашақ педагогтерде кәсіби дайындық кезінде әртүрлі әлеуметтік топтардың мәдени қажеттіліктерін анықтау, мәдени-ағарту бағдарламаларын әзірлеу және жүзеге асыру дағдылары қалыптасуы қажет. Бұл дегеніміз бүгінгі педагог қай кезеңдегі балалар болмасын бос уақыттарын ұйымдастыруға дайын болуы тиіс. Алайда, айта кетуге тиіспіз жоғары білім беру жүйесіндегі кәсіптік дайындық болашақ педагогтердің бос уақытты ұйымдастыру құзыреттерін қалыптастыруға жеткіліксіз бағдарланған. Оған себеп - білім беру жүйесіндегі дидактикалық инновацияларға назардың мөлшерден тыс аударылып, тәрбие, соның ішінде бос уақыттың назардан тыс қалуы болса керек.

Дегенмен, болашақ педагогтерді ЖОО бос уақытты ұйымдастыруға дайындау – уақыт қажеттілігі деп білеміз. Олай болса, ЖОО педагогтерді дайындауды, тәрбие соның ішінде бос уақытты ұйымдастыруға бағыттау дұрыс шешім. Жалпы сабақтан тыс уақытта оқушылармен қарым-қатынас жасау, оқушылардың бос уақыттарын ұйымдастыруға дайындау мәселелерінің қарастырылуы (Л.П.Буева, Е.А.Леванова, Л.И.Новикова, В. В. Полукаров, С.А.Шмаков және т.б.) болашақ педагогті оқушылардың бос уақытын ұйымдастыруға дайындау қажеттілігін дәлелдейді. Және қазіргі туындаған сұранысқа сәйкес «Қандай психологиялық-педагогикалық және әдістемелік шарттар болашақ педагогты бос уақытты ұйымдастыруға дайындауды қамтамасыз етеді?», «Болашақ педагогтердің оқушылардың бос уақытты ұйымдастыруға дайындық көрсеткіштері қандай?» және т.б. сауалдардың туындауы орынды.

Болашақ педагогтерді оқушылардың бос уақыттарын ұйымдастыруға дайындаудың *үш шартын* маңызды аспект ретінде қарастырамыз.

1-шарт: Оқушылардың бос уақытын ұйымдастыруға бағытталған инновациялық (педагог-аниматор және т.б.) білім беру бағдарламасына сәйкес педагог дайындау. Бұл жерде бізгі Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде «6В11102 - Мәдени-тынығу жұмысы» білім беру бағдарламасы бойынша жұмыс орны мәдениет үйі, шығармашылық үйі, жалпы білім беретін орта мектеп болып табылатын қызмет көрсету саласының бакалаврын дайындау мысал бола алады.

2-шарт: ЖОО оқытудың психологиялық-педагогикалық және ақпараттық мазмұны арқылы болашақ педагогты бос уақытты ұйымдастыруға дайындау. Бұл жерде педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламаларының барлығы қамтылуы тиіс. Аталған тәжірибеге Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде «6В01721 - Шетел тілі: екі шетел тілі» білім беру бағдарламасына арналған «Анимациялық-бос уақыттық іс-әрекетті ұйымдастыру» пәнінің таңдау курсы ретінде оқытылуы мысал болады. Қысқаша пән мазмұнына тоқталайық.

Пән мақсаты: Анимациялық іс-әрекет жүйесінің сан қырлы және жан-жақтылығын анықтау, негізгі әдістері мен технологияларын игеру, тәжірибелік дағдыларды қалыптастыру, педагогтердің коммуникативті, ұйымдастырушылық, рефлексивті мәдениетін дамытуға мүмкіндік туғызу.

Пән барысында меңгерілетін мәселелер: Анимациялық іс-әрекеттің құралы, формасы және әдістері технологиялық үрдістің негізгі құрамдас бөлігі. Театр педагогикасын бос уақытты ұйымдастыру саласына қолдану мүмкіндігі мен ерекшеліктері, Бос уақытты ұйымдастыру драматургиясы негіздері Педагогикалық режиссура бос уақыт әрекетіндегі логикалық байланысты құрастыру үрдісі ретінде. Қызығушылығы бойынша ұйымдастырылатын клубтар қызметі: әдістемесі мен технологиясы. Педагогтың рекреациялық-сауықтыру қызметі. Анимациялық жобалық іс-әрекеттің құрылымы мен технологиясы. Анимациядағы әлеуметтік қорғау және реабилитациялық технологиялары. Қазіргі анимациялық практикада PR технологиясын қолдану.

Қолданылатын әдістер: Шығармашылық әдістер, рөлдік ойындар; іскерлік ойындар (сценарий құру), Bar Camp (жаңа ойлар, презентациялар, ұсыныстар, қызықты идеяларды іздеу), жобалау, талдау, пікір алмасу әдісі, миға шабуыл техникасы, кейс-технологиялар, және т.б.

Пән бойынша күтілетін оқыту нәтижелері: педагогтың кәсіби іс-әрекетінің негізгі формалары мен әдістерін қолдану; қойылымдық жұмыстарды ұйымдастыру және драмалық әзірлеменің негізгі әдістерін білу; анимациялық бағдарламалар құрастыру; өткізетін іс-шараның сценарийін құрастыра алу; бос уақытты ұйымдастыра алу дағдысын қалыптастыру; коммуникативті, ұйымдастырушылық, рефлексивті мәдениетті дамыту дағдысын қалыптастыру.

Қорытынды бақылау: Жоба қорғау

3 – шарт: Болашақ педагогтің бос уақытты ұйымдастыруға дайындығының көрінісі мотиві, іскерліктері де кәсіби білімді меңгеруде қалыптасатындықтан жоғары оқу орнындағы оқу-тәрбие процесінің студенттердің бос уақыттарын ұйымдастыруға бағытталуы. Мұнда бос уақыттың мүмкіндіктерін, мәнін, мазмұнын, жағымды жақтарын *көруге, түсінуге* мүмкіндік беретін фасилитативті тәсіл негізге алынады. Студенттердің бос уақыттағы іс-әрекеттері - педагогикалық, демек тәрбие, әлеуметтендіру, білім беру құралы ретінде қолданылады.

Сонымен, ойымызды тұжырымдасақ, болашақ педагогтерді, мамандарды бос уақытты ұйымдастыру қызметіне дайындауды қамтамасыз ету - еліміздегі педагогикалық, өнер, шығармашылық бағытындағы кәсіби маман дайындайтын оқу орындарының басты міндеті. Бос уақыт – жеткіншекті дамытушы құрал, фактор, тіпті орта да болмақ.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Мамбеков Е.Б. Организация досуга во Франции: анимационная модель: Автореф. дис. ... канд. пед. наук. СПб., 1992.
2. Соколов Э.В. Свободное время и культура досуга. Л. – 2015. – 207с.
3. Шмаков С.А. Досуг школьника: Проблемы, прогнозы, секреты, подсказки, калейдоскоп развлечений: Методическое педагогических вузов Липецк, 2019. – 192 с.
4. Омар Е. О. Воспитательная деятельность клубных учреждений Казахстана (1920-1937 гг.): монография / Е. О. Омар. - Шымкент: [б. и.], 2010. - 120 с.
5. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. Мастера психологии. – Питер, 2018.
- С.71
6. Психология. Учебник для гуманитарных вузов. Под редакцией В.Н. Дружинина. – Санкт-Петербург, Москва, Харьков, Минск. – 2019. – С.85
7. Гамезо М.В., Петрова Е.А., Орлова Л.М. Возрастная и педагогическая психология: Учеб. пособие для студентов всех специальностей педагогических вузов. – М.: Педагогическое общество России, 2019. – 512 с.
8. Андреева, Г.М. Социальная психология / Г.М.Андреева. – М.: Аспект Пресс, 2019.
– 375 с.
9. «Қазақстанда отбасымен бірге демалу ерекшеліктері» тақырыбындағы әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері бойынша талдау баяндамасы <https://clck.ru/3RsHT6>
10. Жобалық тәсіл арқылы білім алушылардың мәдени-демалыс қызметін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2024. – 86 бет
11. Білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіптік стандарттарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 24 ақпандағы № 31 бұйрығы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/G25HP000031>